

**Еңбектегі міндеттін атқару кезіндегі қызметкердің жаракаттануына, кәсіптік ауруға ұшырауына немесе денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты келтірілген залалды өтеуге деген құқығын өзара тану туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 25 мамырдағы N 2303

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_ 2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. 1994 жылғы 9 қыркүйекте Мәскеуде қол қойылған, Әзіrbайжан Республикасының, Армения Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қыргыз Республикасының, Молдава Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының, Түркменстанның, Өзбекстан Республикасының, Украинаның Үкіметтерімен жасалған Еңбектегі міндеттін атқару кезіндегі қызметкердің жаракаттануына, кәсіптік ауруға ұшырауына немесе денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты келтірілген залалды өтеуге деген құқығын өзара тану туралы келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті